



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2.09.2025 № 123

Астана қаласы

город Астана

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау»
орталығының жұмысын жүзеге асыру туралы**

Өркен» БӨАҰҒПИ» КЕАҚ балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен өзара іс-қимылын күшейту және Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары (әрі қарай - АПҚО) қызметінің сабақтастығын жүзеге асыру мақсатында «2025–2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық 3.0» негізіндегі 18.07.2025 ж. № 1 хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

Мектептегі «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысы келесідей модульдердің алгоритмімен жүзеге асырылсын:

2025-2026 оқу жылында АПҚО қызметі үш модульге негізделген:

- Бірінші модуль – балалар мен ата-аналарға арналған «ІШКІ КҮШ» тренинг бағдарламасы;
- Екінші модуль – балалар мен ата-аналарға арналған «Бала қауіпсіздігі» бағдарламасы;
- Үшінші модуль — «Өркендеу жолындағы серіктестік», ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарына арналған бағдарламасы.

Жаңа оқу жылында білім беру ұйымдары жоғарыда көрсетілген модульдерді, сондай-ақ АПҚО 1.0 және АПҚО 2.0 жаңартылған бағдарламаларын вариативті тәсілмен жүзеге асырылсын.

АПҚО қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық және жаңартылған АПҚО 1.0, 2.0 бағдарламалары, тұсаукесерлері (презентациялары) институт сайтынан алып сынып жетекшілерге таныстырылсын. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысының жүзеге асырылуы мақсатында келесі мамандарға жауапкершілік жүктелсін:

- ДТЖЖО – Е. Тулбакан
- Педагог психолог – А. Мошке
- Әлеуметтік педагог – Ф Тулеген

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жанындағы «Даналық» мектебінің жетекшісі болып Ергешбаева З.Х. бекітілсін.

«Даналық» мектебінің жоспары құрылып, жауапты мамандарға таныстырылсын.

Осы бұйрықтың орындалуын директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Е. Тулбаканға жүктелсін.

Мектеп директоры



А.Рамазанова